

Халық банкі туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Өкімі 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 536

Қазақстан Республикасы Халық банкі жаңа басшылығының банкті дағдарысты жағдайдан шығару жөніндегі жұмысының алғашқы оң нәтижелерін ескеріп, сондай-ақ білікті кадрларды ынталандыру мақсатында:

1. Қазақстан Республикасы Халық банкі басшылығымен қатынастар контракт негізіне көшірілсін.

2. Қазақстан Республикасы Халық банкі Басқармасының Төрағасы З.Х.Кәкімжанов Халық банкін басқаруға контрактіні қол қоюға 1996 жылдың 30 қаңтарына дейін әзірлесін.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі мен Қазақстан Республикасы Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті Басқарма төрағасы З.Х.Кәкімжанов мүддесін білдіретін Халық Банкінің басшыларымен контрактіні қарасын.

4. Контрактіде ескерілетін Қазақстан Республикасы Халық банкі жаңа басшылығы қызметінің мерзімі 1995 жылғы 1 қаңтардан белгіленсін.

Премьер-Министр